I МОДУЛЬ

ҚЫЛМЫСТЫҚ ІСТЕР БОЙЫНША СОТ ІСІН ЖҮРГІЗУДІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

# 12-сабақ
# Алқабилердің қатысуымен қаралған іс үкімі

## 1. Тыңдаңыз және есте сақтаңыз.

| | |
|---|---|
| тергеу амалдары | ерікті түрде орындау |
| сот ісін жүргізу тілі | айғақ заттарды сақтау |
| бұлтартпау шарасы | дәлелдемелерді талдау |
| мемлекеттік айыптаушы | апелляциялық шағым беру |
| іс бойынша сараптама | моральдық залалды өндіру |
| айыппен сотқа беру | процестік шығындарды өндіру |

## 2. Тыңдаңыз және жазыңыз.

айыппен ________

апелляциялық ________

моральдық ________

процестік шығындарды ________

ерікті түрде ________

айғақ заттарды ________

дәлелдемелерді ________

## 3. Сәйкестендіріңіз.

| | |
|---|---|
| тергеу | айыптаушы |
| сот ісін | сараптама |
| бұлтартпау | амалдары |
| мемлекеттік | жүргізу тілі |
| іс бойынша | шарасы |

## 4. Мәтінді оқыңыз.

Қарағанды облысының қылмыстық істер жөніндегі мамандандырылған ауданаралық соты құрамында:

төрағалық етуші судья: М.С.Қалиев
сот отырысының хатшысы: Т.Қ. Тұрғанбаев
мемлекеттік айыптаушы прокурор: Е.Д.Жандосов
жәбірленуші: Т.Р. Жапаров
сотталушы: К.Е.Намысов
адвокат: Т.О. Оспанов
аударма шы: С.Т.Илиясованың қатысуымен,

ашық сот отырысында қылмыстық істі, алқабилердің қатысуымен, аудио-бейне тіркеу құралдарын қолданумен қарады, ол бойынша:

Кәрім Еркінұлы Намысов,05.05.2000 жылы Қарағанды облысында туған, Қарағанды облысы, Шет ауданы, Ақадыр кенті, Амантай көшесі, 56-үй, 1-пәтер мекенжайы бойынша тіркелген, Алматы қаласы, "Алғабас" ықшамауданы, 8-үйде жалдап тұрады. «Шығыс» ЖШС-де диллер болып жұмыс істейді, білімі орта, азаматтық некеде, 2 баласы бар, Қазақстан Республикасының азаматы, ұлты қазақ, бұрын сотталмаған, Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің 99-бабының 1-бөлігінде көзделген қылмыстық құқықбұзушылықты жасағаны үшін айыппен сотқа беріледі.



LIVEWORKSHEETS

## 5. Мәтіннің мазмұны бойынша ақпараттың дұрыс-бұрысын анықтаңыз.

| | дұрыс | бұрыс |
|---|---|---|
| Кәрім Еркінұлы Намысов, 05.05.2000 жылы Қарағанды облысында туған. | | |
| Қарағанды облысы, Шет ауданы, Ақадыр кенті, Амантай көшесі, 56-үй, 1-пәтер мекенжайы бойынша тіркелген. | | |
| Алматы қаласы, Алғабас ықшамауданы, 8-үйде жалдап тұрады. | | |
| «Шығыс» ЖШС-де диллер болып жұмыс істейді, білімі орта, азаматтық некеде, 2 баласы бар. | | |
| Қазақстан Республикасының азаматы, ұлты қазақ, бұрын сотталмаған. | | |

## 6. Мәтіннің көмегімен дұрыс қатарды қойыңыз.

| | | |
|---|---|---|
| Аты-жөні | | a) «Шығыс» ЖШС |
| Туған жылы | | b) азаматтық неке |
| Туған жері | | c) қазақ |
| Мекенжайы | | d) Амантай көшесі, 56-үй, 1-пәтер |
| Жұмыс орны | | e) Алматы қаласы, «Алғабас» ықшамауданы, 8-үй |
| Отбасы жағдайы | | f) 2000 жылғы 5 мамыр |
| Ұлты | | g) Кәрім Еркінұлы Намысов |
| Тіркелген жері | | h) Қарағанды облысы |

## 7. Тыңдаңыз, бос орындарды толықтырыңыз.

________ :

________ деп танылған қылмыстық құқықбұзушылықтың ________

________ :

**Өзге үкімдерден ерекшелігі:**

-процеске қатысушылардың ________

- дәлелдемелерді талдау ________

## 8. Үлгінің көмегімен жазыңыз.

| көрсет-іл-е-ді | көрсет-іл-ме-й-ді |
|---|---|
| жасау<br>айту<br>көздеу<br>шығару<br>қарау<br>беру<br>келтіру<br>жазу<br>тағайындау | |



LIVEWORKSHEETS

## 7. Тыңдаңыз, етістіктерін жазыңыз.

Зерттеген дәлелдемелердің мазмұны қысқа,нақты, нормативтік емес лексикаға жол берілмей (____________________);

Екі ұшты, бір-біріне қайшы немесе артық тұжырымдарға, сот айыптаудың дәлелденгені сот түйіндерінің мәніне қатысы жоқ нормативтік құқықтық актілердің нормаларын келтіруге жол (____________________);

Мәтінді қабылдауды қиындататын шұбалаңқы сөйлемдер (____________________);

Сот ісін жүргізу тілінің ресми сипаты сақталып, формальды пайымдауға жол (____________________);

Азаматтық қойылған талапты шешуге, процестік шығындарды өндіруге және заттай дәлелдемелердің мәселесін шешуге қатысты барлық мәселелер уәжі (____________________).

## 10. Берілген сөз тіркестерімен сөйлем құраңыз.

сот ісін жүргізу тілі

дәлелдемелердің мазмұны

заттай дәлелдемелердің мәселесін шешу

сот түйіні

шығындарды өндіру

ерікті түрде орындау

## 11. Тыңдаңыз, жазыңыз.

жаза қылмыстық атқару жүйесінің қауіпсіз мекемесінде

мәжбүрлі түрде

қанағаттандырудан бас

төрт ай көлемінде уақыт

іс құжаттарында сақталсын

есепшотына жолдансын

үкім заңды күшіне енгеннен кейін жойылсын

## 12. Тиісті жалғауларды жазыңыз.

| -ған | -ген |
| --- | --- |
| жұмсал+ған | жіберіл |
| тағайындал | айтыл |
| жариялан | айыптал |
| жолдан | көздел |
| жазыл | тапсырыл |



LIVEWORKSHEETS

## ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
## ҮКІМ

2021 жыл 20 ақпан №________________іс Қарағанды қаласы

Қарағанды облысының қылмыстық істер жөніндегі мамандандырылған ауданаралық соты құрамында:
төрағалық етуші судья: М.С.Қалиев
сот отырысының хатшысы: Т.Қ. Тұрғанбаев
мемлекеттік айыптаушы прокурор: Е.Д.Жандосов
жәбірленуші: Т.Р. Жапаров
сотталушы: К.Е.Намысов
адвокат: Т.О. Оспанов

аудармашы: С.Т.Илиясованың қатысуымен,ашық сот отырысында қылмыстық істі, алқабилердің қатысуымен, аудио-бейне тіркеу құралдарын қолданумен қарады,

Кәрім Еркінұлы Намысов,05.05.2000 жылы Қарағанды облысында туған, Қарағанды облысы, Шет ауданы, Ақадыркенті, Амантай көшесі, 56-үй, 1-пәтер мекенжайы бойынша тіркелген, Алматы қаласы, Алғабас ықшамауданы, 8-үйде жалдамалы пәтерде тұрады. «Шығыс» ЖШС-де диллер болып жұмыс істейді, білімі орта, азаматтық некеде, 2 баласы бар, Қазақстан Республикасының азаматы, ұлты қазақ, бұрын сотталмаған, Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің 99-бабының 1-бөлігінде көзделген қылмыстық құқықбұзушылық жасады деген айыппен сотқа беріледі.

### СИПАТТАУ БӨЛІГІ:

Алқабилермен дәлелденді деп танылған қылмыстық құқықбұзушылықтың мәні көрсетіледі.

### УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:

Өзге үкімдерден ерекшелігі:
- процеске қатысушылардың айғақтары көрсетілмейді;
- дәлелдемелерге талдау жасалмайды.

Зерттеген дәлелдемелердің мазмұны қысқа, нақты, нормативтік емес лексикаға жол берілмей жазылады;

Екі ұшты, бір-біріне қайшы немесе артық тұжырымдарға, сот айыптаудың дәлелденгені сот түйіндерінің мәніне қатысы жоқ нормативтік құқықтық актілердің нормаларын келтіруге жол берілмейді;

Мәтінді қабылдауды қиындататын шұбалаңқы сөйлемдер жазылмайды;

Сот ісін жүргізу тілінің ресми сипаты сақталып, формальды пайымдауға жол берілмейді;

Азаматтық қойылған талапты шешуге, процестік шығындарды өндіруге және заттай дәлелдемелердің мәселесін шешуге қатысты барлық мәселелер жазылады.



LIVEWORKSHEETS

## ҮКІМ ЕТТІ:

Кәрім Еркінұлы Намысов,ҚР ҚК-нің 99-бабының 1-бөлігінде көзделген қылмысты жасағаны үшін кінәлі деп танылып 2 жыл бас бостандығынан айыру жазасы тағайындалсын және жаза қылмыстықатқару жүйесінің төтенше қауіпсіз мекемесінде өтелсін.

ҚК-тің 91-бабының 1-бөлігінің 4-тармағы және 98-бабының 2-бөлігіне сәйкес К.Е. Намысов бас бостандығынан айыру жазасын өтеу орнында есірткі тұтынуға байланысты психикалық бұзылушылықтарынан мәжбүрлі емделсін.

Жәбірленуші Т.Жапаров сотталған К.Намысов 22 600 теңге материалдық залалды өндіру туралы азаматтық арызы ішінара қанағаттандырылып, оның пайдасына және мемлекет пайдасына мемлекеттік баж өндірілсін, қалған бөлігінде арызды қанағаттандырудан бас тартылсын.

К.Е. Намысов үкімді азаматтық талап бөлігінде ерікті түрде орындау үшін төрт ай көлемінде уақыт белгіленсін.

Іс бойынша сараптамалар өткізуге жұмсалған теңге процестік шығындар мемлекет пайдасына өндірілін, есепшотына жолдансын.

Қарағанды қаласының ПД-ның айғақ заттарды сақтау камерасына тапсырылған келесі заттай дәлелдемелер үкім заңды күшіне енгеннен кейін жойылсын.

Тергеу амалдары жазылған DVD (CD) диск теріс құжаттарында сақталсын.

Үкім процеске қатысушылармен жарияланған күннен бастап он бес тәулік ішінде, ал күзетпен ұсталатын сотталған адам мен өзіне үкімнің көшірмесі табыс етілген күннен бастап осы мерзімде Қарағанды облыстық сотының қылмыстық істер жөніндегі сот алқасына, Қарағанды облысының қылмыстық істер жөніндегі мамандандырылған ауданаралық соты арқылы апелляциялық шағым беруге және прокурормен апелляциялық өтінішхат келтіруге болады.

Судья М.С. Қалиев



LIVEWORKSHEETS